



"Шахтинск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 5 мамырдағы № 24/06 қаулысы.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қаулысына сәйкес Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шахтинск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. "Шахтинск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Д.Б. Мусин):
 - 1) Ереженің аумақтық әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;
 - 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қолдансын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Н.А. Мажитовке жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шахтинск қаласының әкімі

А. Халтонов

Қарағанды облысы
Шахтинск қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 5 мамырдағы
№ 24/06 қаулысымен бекітілген

"Шахтинск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Шахтинск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Шахтинск қаласы аумағының әкімшілік-аумақтық шекаралары шегінде жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Бөлімнің орналасқан жері: 101600, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 101.

9. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2 тарау. Мемлекеттік мекеменің міндеттері мен өкілеттіктері

12. Міндеттер:

1) Жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қала аумағындағы жер қатынастарын реттеу;

2) ведомстволық бағынысты аумақта белгіленген шекара шегінде жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін реттеу жатады;

3) жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы саласында заңдылықты сақтау;

4) көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру;

5) нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын мониторингілеу және бағалау.

13. Өкілеттер:

1) құқықтар:

- өз функциялары мен міндеттерін орындау үшін белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдардан, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерден,

кәсіпорындардан және басқа да ұйымдардан, азаматтардан, лауазымды адамдардан қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттаманы сұратуға, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

- "Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын тапсырмалар беру;

- мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға олардың орындалуын бақылауға, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға қатысуға құқығы бар;

- Шахтинск қаласы әкімдігінің жер заңнамасына қайшы келетін шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар енгізуге;;

- заңнамалық актілерде көзделген негіздер бойынша жер учаскелеріне меншік құқығын және жер пайдалану құқығын тоқтату туралы Шахтинск қаласы әкімдігінің қарауына ұсыныс енгізуге;

2) міндеттері:

- Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

- Мемлекеттік қызмет стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- "Шахтинск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мемлекеттік қызметтерді Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы заңда белгіленген тәртіппен аударуды қамтамасыз ету;

- Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы тұтынушылардың хабардар болуын қамтамасыз ету;

- мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу үшін мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау жөніндегі уәкілетті органға, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға тиісті ақпарат ұсыну;

- заңнамада белгіленген тәртіппен қоғамдық мониторинг жүргізетін үкіметтік емес құрылымдарға тиісті ақпаратты ұсыну;

- мемлекеттік қызметтерді тұтынушылардың шағымдары мен өтініштерін қарау.

14. Функциялары:

1) иесіз жер учаскелерін анықтау және оларды есепке қою жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) жергілікті атқарушы органның жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

4) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге және пайдалы қазбаларды барлауға байланысты жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін жария Сервитуттарды

белгілеу бойынша жергілікті атқарушы органның ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

5) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

6) жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

7) алып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 06.12.2022 № 66/08 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

8) Жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жер құрылысы жобаларын бекіту;

9) жерді аймақтарға бөлу жобаларын және жерді ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарламаларды, жобалар мен схемаларды әзірлеуді ұйымдастыру;

10) елді мекендер аумақтарының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

11) жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

12) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын қалалық бағдарламаларға, жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

13) Шахтинск қаласының теңгерімін жасау;

14) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;

15) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын беру;

16) жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 71-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органның іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

18) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылмайтын және пайдаланылмайтын жерлерді анықтау;

20) жерді резервте қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

21) жер-кадастрлық жоспарды бекіту;

22) шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мониторингін жүргізу

23) алып тасталды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 06.12.2022 № 66/08 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі);

24) Қаланың бас жоспарының жобасын, қала шегі мен қала маңы аймағының шекараларын, сондай-ақ ведомстволық бағынысты әкімшілік аудандардың және серіктес елді мекендердің шекараларын белгілеу және өзгерту жобаларын, қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру және қала мәслихатының мақұлдауына ұсыну;

25) қаланы әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламаларының құрамындағы қала құрылысы құжаттамасын, сондай-ақ қала аумағын салу, абаттандыру және инженерлік қамтамасыз ету қағидаларын қалалық мәслихаттың бекітуіне ұсыну;

26) қалалық мәслихатқа тұрғын үй қорын, өзге де ғимараттар мен тұрғын үй - азаматтық мақсаттағы құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтау және күтіп-ұстау қағидаларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

27) құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

28) қала және қала маңы аймағының қала құрылысы жобаларын, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын бекіту және іске асыру;

29) қауымдық сервитуттар белгілеу;

30) таңдау, ұсыну бойынша шешімдер қабылдау, ал, және ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салуға немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға құқығы бар.;

31) құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу (кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, құрылыстарды (объектілерді) консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

32) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу; (25-бап. Арх туралы " 9 ҚРЗ.)

33) тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауды және олардың нормативтік күтіп-ұсталуына (пайдаланылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуді ұйымдастыру;

34) объектілер мен кешендерді орналастыру бойынша жергілікті атқарушы органға ұсыныстар, сондай-ақ сәулет және қала құрылысы, жоспарлау, құрылыс салу, көгалдандыру, жеңілдетілген үлгідегі құрылыстарды орналастыру (Сауда шатырлары, дүңгіршектер, жарнамалық құрылыстар және басқа да сервис объектілері) саласында қала әкімдігі қабылдайтын құқықтық актілерге құжаттар мен ұсынымдар дайындау;

35) қолданыстағы заңнамаға, Шахтинск қаласының Бас жоспарына және басқа қала құрылысы құжаттамасына қатаң сәйкестікте жер учаскелерін беру туралы Жеке және

занды тұлғалардың өтініштері бойынша қорытындылар дайындау, функционалдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік алу; ;

36) пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; ;

37) қала аумағында сәулет - құрылыс бақылау мемлекеттік органдарының жұмысына жәрдемдесу;

38) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жер учаскелеріне, ғимараттарға (құрылыстарға) реттік нөмірлер беру саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру;

39) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша сәулет-жоспарлау тапсырмасын дайындау;

40) қаланың түсті қоршауына, шағын сәулет нысандарын, мүсіндік композицияларды, қалалық безендіру элементтерін, жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерін орналастыруға талдау жүргізу және Шахтинск қаласының әкіміне тиісті ұсыныстар енгізу;

41) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шахтинск қаласының аумағында іске асыру үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінің барлық субъектілері әзірлейтін сәулет-құрылыс құжаттамасын келісу;

42) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен кәдеге жарату қорытындылары бойынша жылжымайтын мүлік объектілерінің жоқ (бұзылған) екендігі туралы құжаттарды (анықтама) береді; ;

43) жұмыс істеп тұрған объектілерді өзгертуге (реконструкциялауға, қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) рұқсат береді;

44) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу;

45) Мемлекеттік қызметтер көрсету;

46) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

47) Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңына сәйкес сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру туралы хабарламаларды қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;

48) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

49) хабардар етпей орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнаманы және ғимараттар (құрылыстар) меншік иелерінің, тұрғын үйдегі (тұрғын ғимараттағы) тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің немесе кондоминиум объектісін басқару

органының, ғимараттарға (құрылыстарға) өзге де заттық құқықтары бар адамдардың келісімінсіз орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін анықтауға құқығы бар.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 06.12.2022 № 66/08 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3 тарау. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

15. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

16. Бөлімнің бірінші басшысын Шахтинск қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

17. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлімнің қызметіне жалпы басшылықты және үйлестіруді жүзеге асырады;

2) қала әкімдігіне мемлекеттік мекеменің Ережесі мен құрылымын, сондай-ақ олардағы өзгерістерді бекітуге ұсынады;

3) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыру, қабылдаудың, тіркеудің және есепке алудың жай-күйі үшін;

4) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

7) шарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

10) банк шоттарын ашады;

11) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

12) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды;

15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасын және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны үшін жауаптылықта болады;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4 тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкі

18. бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

19. бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

20. егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5 тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

21. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.